

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ**

**«Шымкент қаласы бюджетін 2023 жылға жоспарлау барысында бюджет
заңнамасының сақталуына және 2021-2025 жылдарға арналған даму
бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық
іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне»
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ШЫМКЕНТ
2024 жыл**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы.....**
- 1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты.....**
- 1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері.....**
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең.....**

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.....**
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жағдайда).....**

III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.....**
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар.....**
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.....**
- 3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі.**

**Шымкент қаласы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
Н.А.Нәлібаевқа**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Шымкент қаласы бюджетін 2023 жылға жоспарлау барысында бюджет заңнамасының сақталуына және 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Республикалық маңызы бар Шымкент қаласы бюджетін 2023 жылға жоспарлау кезінде бюджет заңнамасының сақталуы және Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының 2023 жылы тиімді іске асырылуы.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісі: «Шымкент қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2023 жылдың 01 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Қала аумағы 116 280 га құрайды. Қала қалалық маңызы бар 5 ауданнан тұрады. Халық саны 1222,1 мың адамды құрады. Ұлттық құрамы: қазақтар – 70,9%, өзбектер – 15,9%, орыстар – 6,3% және басқалары – 6,9%.

Өнеркәсіп өндірісінің өнімі 1051 млрд.теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 102,7%-ға өскен.

Өнеркәсіп саласында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны 2024 жылдың 1 қаңтарына 2 017 бірлікті құрады, оның 22 – ірі, 47 – орта және 1 948 – шағын кәсіпорындар.

Ауыл шаруашылығында өнім көлемі 52,4 млрд.теңгені құрап, 100,3%-ға өскен.

Негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 724,3 млрд.теңгені құрады, бұл өткен жылдан 126,0% артқан.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 260,3 млрд.теңгені (113,2%) құрады, 1084,1 мың ш.м (101,0%) тұрғын үй пайдалануға берілді. Алайда қалада тұрғын үй кезегіне тіркелген азаматтар саны аз емес. Бүгінге олардың саны 236 мыңды құрап отыр.

Жұмыссыздық деңгейі 4,9% деңгейінде қалыптасып, орташа республикалық деңгейден 0,2 п.п жоғары болып отыр. Оның ішінде жастар жұмыссыздығы (15-34 жас) 3,7%. Жалпы жұмыс күшінің 29,9% өз-өзін жұмыспен қамтығандар (136,2 мың адам).

2023 жылдың желтоқсанында 2022 жылмен салыстырғанда инфляцияның деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі 109,5% құраған. Азық-түлік тауарларының бағасы 7,2%, азық-түлік емес тауарларының бағасы 9,4%, халыққа ақылы қызмет көрсету 12,9% көтерілген.

Ақылы қызмет көрсету саласында қоқыс әкету тарифі 2,1 есе, су бұруға 30,5%, электр энергиясы 29,6%, орталықтан жылытуға 15,6%, желілік газ 9,6% қымбаттаған.

Сонымен қатар, қала тұрғындары инженерлік-инфрақұрылыммен толық қамтылмаған. Атап айтқанда, қала халқының 100%-ы электр жүйесімен қамтылған болса, 65%-ы кәріз жүйесімен, 96%-ы табиғи газбен, 99%-ы ауыз сумен қамтылған.

Тіркелген қылмыстардың саны 2022 жылы 9791 болса, 2023 жылы 6533 бірлік болған немесе 3258 бірлікке төмен. Оның ішінде, ауыр қылмыстар саны 43,3% төмендеген.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты Республикалық маңызы бар қала бюджетін 2023 жылға жоспарлау кезінде бюджет заңнамасының сақталуы және 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының 2023 жылы тиімді іске асырылуына жүргізу болғандықтан, Аудит бағдарламасында аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі көрсетілмеді.

Мемлекеттік аудит қортындысымен анықталғаны, бюджет қаражатын жоспарлау барысында, басқарма және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан тиісті мониторингтің төмендігі, бюджеттік өтінімдерді ұсыну кезіндегі бюджет қаражатын жоспарлаудағы жүйеліліктің болмауы салдарынан барлығы 59 791 172,0 мың теңге қысқартылған, оның ішінде ағымдағы шығыстар 34 490 578,0 мың теңге және даму бюджеті 25 300 594,0 мың теңге.

Сонымен қатар, 3 бірлікті құрайтын рәсімдік бұзушылықтарға жол берілген.

Мемлекеттік аудит нәтижесі көрсеткендей, бұзушылықтар мен кемшіліктер бюджетті жоспарлау барысында бюджет заңнамасы мен өзге де заңнама талаптарының сақталмауы салдарынан орын алған.

Аудит барысында бағдарлама мәселесі ішінара сараланып, қаралып бюджетті нақтылау және түзету барысында келесідей кемшіліктерге жол берілген, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексінің» (әрі қарай –*Бюджет кодексі*) 3-бабының 1-тармағы 70)-тармақшасында, *түпкілікті нәтиже* – ол, мемлекеттік орган қызметінің *тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген*, мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның

мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші екені көрсетілген.

Бюджет кодексінің 4-бабының:

6)-тармақшасында, *нәтижелілік қағидаты* – ол ұлттық жобаларды іске асыруға, мемлекеттік органдардың даму жоспарларында, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару атап көрсетілген,

12)-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі негізделетін принциптерінің бірі – тиімділік қағидаты. *Тиімділік қағидаты* – ол, *бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу* немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару,

13)-тармақшасына сәйкес, *жауапкершілік принципі* - тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер басшыларының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер қабылдағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті әкімшілік және басқару шешімдерінің қабылдануы.

Бюджет кодексінің 67-бабының:

1-тармағына сәйкес, Бюджеттік өтінім – ол, *шығыстар көлемін негіздеу үшін* кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жасайтын құжаттардың жиынтығы болып табылады.

1-1 тармағына сәйкес, *бюджеттік өтінім* - бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері негізінде және шегінде жасалады,

9-тармағы 6)-тармақшасына сәйкес, Бюджеттік өтінімге түсіндірме жазба - бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік кіші бағдарламалар бөлінісінде *бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын ақпаратты, бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелерінің сипаттамасын қамтиды.*

12-тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік өтінімдегі ақпарат пен есеп-қисаптардың *толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді,*

12-1 тармағына сәйкес, *бюджеттік өтінімнің негізділігі,* бюджеттік өтінімге қатысты есеп-қисаптардың анықтығы, бюджеттік өтінімнің толықтығы мен уақтылы ұсынылуы үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Бюджет кодексінің 104-бабының 4-тармағына сәйкес, «Жылдың басындағы бюджет қаражатының қалдықтары бюджетті түзету арқылы

мыналарға»: 1) алынған қарыздар бойынша негізгі борышқа қызмет көрсетуге және оны өтеуге; 4) іске асыру мерзімі бір жылдан асатын бюджеттік даму бағдарламалары және дайындау мен беру мерзімі бір қаржы жылынан асатын активтерді және басқа да тауарларды, қызмет көрсету мерзімі бір қаржы жылынан асатын қызмет көрсетуді сатып алуды көздейтін ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша өткен қаржы жылының тіркелген міндеттемелерінің төленбеген бөлігін қаржыландыруға; 4-1) аяқталу мерзімі осы Кодекстің 157-бабының 1, 1-1 және 2-тармақтарында және 159-бабының 1-1-тармағында көрсетілген бекітілген құжаттамаға сәйкес бюджеттік инвестицияларды іске асыру кезеңіне сәйкес келетін бюджеттік инвестицияларды одан әрі қаржыландыруға; 4-3) өткен қаржы жылында міндеттемелер қабылданбаған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша және бюджеттік мониторинг негізінде олардың нысаналы мақсатын өзгертпей, одан әрі қаржыландыруға пайдаланылуы мүмкін. Бюджет комиссиясының тиісті ұсынысы бюджетті түзету жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін әзірленеді» делінген,

Бюджет кодексінің 187-бабы 2-тармағына сәйкес, «Бір жылға дейінгі мерзіммен қаржылық агенттіктерді бюджеттік кредиттеу кезінде бюджет кредиті мерзімінің соңында бюджеттік кредитті өтеуге жол беріледі» делінген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» (әрі қарай - Қағидалар) 2-тармағына сәйкес, Бюджеттік өтінімді жасаудың негізгі мақсаты бюджеттік бағдарламаларды орындаудың қажетті ресурстары мен нәтижелері туралы сандық және қаржылық ақпарат негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеген кезде шығыстар көлемін негіздеу болып табылады.

Қағидалардың 3-тармағына сәйкес, Бюджеттік өтінім базалық шығыстар мен жаңа бастамалар шығыстарына бөлінетін шығыстар көлемін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жасайтын құжаттардың жиынтығы болып табылады.

«Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген ереженің 10-тармағына сәйкес «Бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыру жоспарларының жылдық сомасы кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген, мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімімен бекітілген сомаларына сәйкес келеді» делінген. Сондай-ақ, «Бюджеттік кіші бағдарламалар деңгейінде – бекітілген (қайта бекітілген) бюджеттік

бағдарламаның бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша шығыс сомасына сәйкес келеді» - делінген.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, Бюджеттің атқарылуы ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарында басталып, 31 желтоқсанында аяқталады. Бюджеттің атқарылуы жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты көлемінің шегінде жүзеге асырылады. Бюджеттің атқарылуы кезінде жоспарлы кезеңнің екінші және (немесе) үшінші қаржы жылдарында көзделген бюджет қаражатын ағымдағы қаржы жылында пайдалануға жол берілмейді.

1. Бюджеттің шығыс көлемі сапалы негізделмегендіктен және бюджет қаражатының бекітілген көлемі пайдаланылмай, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізбей жалпы 19 бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен 34 490 578,0 мың теңге бюджетті қысқартуға жол берілген. Атап айтқанда:

1) Шымкент қаласы әкімінің аппараты тарапынан бюджеттік бағдарламаны тиімді басқармауы салдарынан 003, 007 бюджеттік бағдарламаларының 414 ерекшелігі бойынша жоспарланған қаржыларды толық игеру мақсатында жыл соңында қысқартылған, яғни алдын ала талдау, жоспарлау жұмыстары дұрыс жүргізілмеуінен 5 383,0 мың теңге қысқартуға жол берілген (003 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша келісім шарт бір жақты бұзылуына байланысты 998,0 мың теңге; 007 015 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 4 385,0 мың теңге);

2) Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы әкімінің аппараты бойынша жұмыстарды дұрыс жүргізбеу салдарынан 011 бюджеттік бағдарламасына жоспарлаған жұмыс көлемін толық атқармағандықтан түпкілікті нәтижеге қол жеткізілместен 430 248,0 мың теңге қысқартылған (011 015 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша Әл-Фараби ауданына 39 ойын алаңшасын абаттандыруға 2023 жылғы қазан айында нақтыланып, мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижелері бойынша анықталған жеке компаниялармен келісім-шарттар бұзылуына байланысты қысқартылған);

3) Шымкент қалалық цифрландыру басқармасының 001 бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы мемлекеттік сатып алу порталында конкурстық процедуралардың талаптарын сақтамау, дұрыс өткізбеу және ақпараттық қауіпсіздік сынақтарының оң нәтижелерін алмау салдарынан жалпы 72 000,0 мың теңгені қысқартуға жол берілген (001 015 «Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша барлығы 72 000,0 мың теңге қысқартылған);

4) Шымкент қалалық туризм, сыртқы байланыс және креативті индустрия басқармасы бойынша жалпы іс-шараларды жоспарлау жұмыстары жүйелі жүргізілмеу салдарынан түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеу мен

тиімсіз жоспарлауға жол беріліп, 65 705,0 мың теңге қысқартылған (001 015 «Жергілікті деңгейде туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 158, 159 ерекшеліктерінен іске асырылмаған іс-шаралар шығындары барлығы 57 690,0 мың теңге; 003 015 «Туризм қызметтерін реттеу» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігінен «KITF-2022» халықаралық көрмесіне қатысу іс-шарасы 2 рет өткізілген мемлекеттік сатып алу конкурсының техникалық ерекшелігі талаптарына құжаттар сәйкес болмауы салдарынан 8 015,0 мың теңге);

5) Шымкент қаласының қаржы басқармасы бойынша жалпы тиісті қаржы жылына облигацияларды қайтару қаржыларының кестесі бекітіле отырып, сондай-ақ басқа да әлеуметтік маңызы бар бірінші кезектегі мәселелерге немесе қаражатты кідіріссіз шешуді талап ететін өзге де мақсаттарға бағытталмау салдарынан 001, 005, 008 бюджеттік бағдарламалар бойынша 5 218 244,0 мың теңге тиімсіз жоспарлау мен пайдалануға жол берілген (001 015 «Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігінен ақпараттық-есептеу орталығына, тапсырыс беруші қаржы басқармасы тіркеген тізілім дерекқорын толтыру және өзгеріс енгізуге байланысты 632,0 мың теңге қысқартылған; 005 100 «Қарыздар бойынша сыйақылар, өзге де төлемдерді төлеу» бюджеттік бағдарламасының 213 ерекшелігіне 2023 жылға «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша тұрғын үй құрылысына, жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде кәсіпкерлік бастамаларды іске асыруға қарыздар бойынша сыйақы төлеу үшін, ішкі қарыздары облигациялар бойынша сыйақыларды төлеу кестесіне сәйкес 2023 жылға объект атаулары бөлінісінде айлар бойынша сыйақыларды қайтару бекітілген. Тұрғын үй құрылысы үшін алынған облигациялар бойынша 2022 жылы жергілікті атқарушы органның борышын мерзімінен бұрын алдын ала қарыздарды өтеуіне байланысты 588 938,0 мың теңге қысқартылған; 008 «Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу» бюджеттік бағдарламасы, 025 «Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша» кіші бағдарламасының 712 «Ішкі нарықта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу» ерекшелігіне 2023 жылы «Нұрлы жер», «Шаңырақ» бағдарламалар жөнінде тұрғын үй құрылысына алынған қарыздар бойынша жергілікті атқарушы органның борышын өтеу, жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын қайтару кестесіне сәйкес 2023 жылға объект атаулары бөлінісінде айлар бойынша облигацияны қайтару бекітілген. Тұрғын үй құрылысы үшін алынған облигациялар бойынша 2022 жылы жергілікті атқарушы органның борышын мерзімінен бұрын алдын ала қарыздарды өтеуіне байланысты 4 628 674,0 мың теңге қысқартылған);

6) Шымкент қаласының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының 004, 005 бюджеттік бағдарламалары бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстарын ұйымдастыру, жоспарлау жұмыстары жүйелі жүргізілмеу салдарынан түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеуге жол беріліп, 192 192,0 мың теңге қысқартылған (004 000

«Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс» бюджеттік бағдарламасының 143, 414 ерекшеліктерінен барлығы 93 988,0 мың теңге қысқартылған; 005 000 «Жұмылдыру дайындығы және республикалық маңызы бар қаланы, астананы жұмылдыру» бюджеттік бағдарламасының 413 ерекшелігі бойынша 1 дана «Командалық-штаб» машинасын сатып алынбағандықтан 98 204,0 мың теңге қысқартылған);

7) Шымкент қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы бойынша жалпы алдын ала талдау жоспарлау жұмыстары дұрыс жүргізілмеу салдарынан тікелей және түпкі нәтижелеріне қол жетпеген, 045, 004, 032, 003, 007, 009 бюджеттік бағдарламаларды тиімді басқармау мен дұрыс жоспарламаудан 6 521 565,0 мың теңге қысқартылған (045 011 «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту» бюджеттік бағдарламасының 322 ерекшелігінен «Spina Bifida» диагнозымен ауыратын балаларға бір реттік пайдалану үшін катетерге абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасы бойынша майланған (лубрицированный) катетерге оңалтудың жеке жоспарында әзірленбеуінен 22 адамға жоспарланған 29 532,0 мың теңге қысқартылған; 004 015 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасының 322 ерекшелігі бойынша атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының азаюына орай барлығы 3 313 114,0 мың теңге қысқартылған; 032 015 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасының 412 ерекшелігі бойынша барлығы 2 198 540,0 мың теңге қысқартылған; 003 015 «Жұмыспен қамту бағдарламасы» бюджеттік бағдарламасының 100, 101, 102 кіші бағдарламаларының 159 ерекшелігінен барлығы 797 758,0 мың теңге қысқартылған; 007 015 «Тұрғын үйге көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасының 322 ерекшелігі бойынша 15 146,0 мың теңге қысқартылған; 009 015 «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау» бюджеттік бағдарламасының 101, 103, 104, 106 кіші бағдарламаларының 155, 322 ерекшеліктерінен барлығы 167 475,0 мың теңге қысқартылған);

8) Шымкент қалалық мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан бюджеттік бағдарламадағы тиімді басқармауы мен дұрыс жоспарламау салдарынан 733 021,0 мың теңге тиімсіз жоспарлауға жол беріліп қысқартылған, яғни жоспарланған қаржының қысқартылу себебі жасөспірімдердің жазғы уақыттағы демалыс күндерде қатыспайтынын ескермеу, сондай-ақ платформа бойынша өнім берушілердің жаңа ақпараттық жүйеге өтпеуіне байланысты орын алған (006 015 «Мәдени – демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша 2023 жылға балалармен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді қаржыландыруға балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік шығармашылық үйірмелерді қаржыландыру жоспарынан 733 021,0 мың теңге қысқартылған);

9) Шымкент қаласының білім басқармасы тарапынан оқу жоспарлары мен байқауларға қатысу іс-шараларының өткізілмеуі және мемлекеттік білім беру тапсырысын дұрыс есептемеуі салдарынан 040, 034, 008, 024, 013, 029,

080 бюджеттік бағдарламасынан жалпы 1 018 990,0 мың теңге қысқартылған (040 011 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға» бюджеттік бағдарламасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт» есебінен «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы бойынша қаралған 325 274,0 мың теңге қысқартылған; 034 015 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 159 ерекшелігінен мемлекеттік білім беру тапсырысынан 150 000,0 мың теңге қысқартылған; 008 015 «Балаларға қосымша білім беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 159 ерекшелігінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға жоспарланған 5 000 жаңа орыннан 3 000 орынға қысқаруына байланысты 250 047,0 мың теңге қысқартылған; 024 015 «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 159 ерекшелігінен тегін техникалық және кәсіптік білім берумен қамтуға қаралған қаржыдан 248 547,0 мың қысқартылған; 013 015 «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 159 ерекшелігінен мүмкіндігі шектеулі балаларға арнаулы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге мемлекеттік білім беру тапсырысынан нақты табельге сәйкес келуі есептелуіне байланысты 30 000,0 мың теңге қысқартылған; 029 015 «Әдістемелік жұмыс» бюджеттік бағдарламасы бойынша 169 ерекшелігі бойынша «Үздік педагог» байқауынан бес жеңімпаз анықталып, республикалық байқауға жіберуге жоспарланған 5 175,0 мың теңге және «Ұлттық мектеп лигасы» мектеп оқушылары мен колледж студенттері арасындағы республикалық жарыстарына оқушылардың нақты қатысуынан есептелген 2 000,0 мың теңге, барлығы 7 175,0 мың теңге қысқартылған; 080 015 «Нұрсұлтан Назарбаев Қорының «EL UMITI» таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 159 ерекшелігінен балалардың қабілеттерін диагностикалау және дамыту орталықтарының қызметкерлерін оқыту бойынша оқу жоспары келесі жылға қалуына байланысты 7 947,0 мың теңге қысқартылған).

10) Шымкент қаласының құрылыс басқармасы тарапынан бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде дұрыс есептемеуі мен жалпы жүйелі жоспарлау жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізілмеу салдарынан 2 224 688,0 мың теңге қысқартуға жол берілген (003 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы 421 ерекшелігі бойынша Б.Момышұлы №27а ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарына мердігермен келісім шарттар тоқтатылуына байланысты 412 622,0 мың теңге қысқартылған; 098 «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу» бюджеттік бағдарламасы бойынша осал топқа жатқызылатын азаматтарға сатып алатын пәтерлердің тапшылығынан барлығы 1 774 577,0 мың теңге қысқартылған; 108 015 «Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік жекеменшік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық

сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша техника-экономикалық негіздеме әзірленбеуі, мемлекеттік сараптамадан өткізілмеу салдарынан 37 489,0 мың теңге қысқартылған);

11) Шымкент қаласының тұрғын үй басқармасы бойынша тұрғын үйді жалға алушылардан және пәтер алатын азаматтарға әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беруге өтінімдердің аз түсуіне байланысты 1 448 360,0 мың теңге қысқартылған (054 000 «Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшелігі бойынша жоспарланған қаржыдан жеке тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алушылардан өтінімдер аз түсуіне байланысты барлығы 1 229 206,0 мың теңге қысқартылған; 068 015 «Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру» бюджеттік бағдарламасының 322 ерекшелігі бойынша жоспарланған барлығы 400 000,0 мың теңгеден пәтер алатын азаматтарға әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беруден 219 154,0 мың теңге қысқартылған);

12) Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы бойынша инвестициялық форумның өткізілмеуі, іскер қала өңірлік бағдарламасы іске асырылмауы, шағын және орта бизнеске кредиттердің берілмеуі мен жалпы жұмыстардың жүйелі жүргізілмеу салдарынан 841 040,0 мың теңге қысқартылған (001 015 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 157 ерекшеліктен инвестициялық форум ұйымдастыру және өткізу шығындары бойынша форум өтпегендіктен 16 653,0 мың теңге қысқартылған; 007 015 «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ несиелендіру бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша 41 жобаға жеңілдетілген несие ұсыну арқылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жоспарланған және іскер қала өңірлік бағдарламасы іске асырылмауынан жыл басында бекітілген 400 000,0 мың теңге қысқартылған; 018 015 «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба және басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру» бюджеттік бағдарламасының 169 ерекшелігі бойынша кәсіпкерлерге банк несиелері бойынша кепілдік беруге қарастырылған қаржыдан шағын және орта бизнеске кредиттердің берілмеуінен 424 387,0 мың теңге қысқартылған).

13) Шымкент қаласының жайлы ортаны дамыту басқармасы бойынша абаттандыру жұмыстарын жүргізу үшін жер телімдері мемлекеттік меншікте болмауынан, ескерткіштерді күтіп ұстау жұмыстарына және техникалық қадағалаушы бойынша өткізілген мемлекеттік сатып алу конкурсынан жеңімпаздар анықталмау салдарынан 3 958 057,0 мың теңге қысқартылған (001 015 «Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының бойынша 159 ерекшеліктен мемлекеттік сатып алу конкурсы үш рет жарияланып жеңімпаз анықталмағандықтан Қонаев даңғылы мен Бәйтереков бойында орнатылған LED экранды күтіп ұстау шығындары 986,0 мың теңге қысқартылған; 018 015 «Қаланы абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік

бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша саябақтармен гүлзарларды және Әкімшілік-іскерлік орталығы аумағын, субұрқақтар мен тік ұңғымаларды, саябақтар мен гүлзарлар аумағында орналасқан ескерткіштерді күтіп ұстауға, 11 нысанға ирригациялық арықтар орнату жұмыстарына, Қошқар ата өзені бойын Жангелдин көшесінен Абай көшесіне дейін және Кілт гүлзарын, Қошқар ата өзенінің бойын абаттандыру жұмыстарына сәуір айындағы нақтылаумен Қошқар ата өзенінің Жангелдин көшесінен Абай даңғылына дейін абаттандыру жұмыстарын жүргізу үшін жер телімдері жеке тұлғаларда болуына байланысты құрылысы аяқталмағандықтан 160 636,0 мың теңге, және саябақтар мен гүлзарларды күтіп ұстау жұмыстары мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке өтуіне байланысты 1 541 666,0 мың теңге, барлығы 1 702 302,0 мың теңге қысқартылған. Сондай-ақ, саябақтар мен гүлзарлар аумағында орналасқан ескерткіштерді күтіп ұстау жұмыстарына өткізілген мемлекеттік сатып алу конкурсынан жеңімпаз анықталмауына байланысты 38 916,0 мың теңге қысқартылған. Сонымен қатар, «Кілт» гүлзарын абаттандыру жұмыстары бойынша келісім шарттың бұзылуына байланысты, 3 нысанға ирригациялық арық орнату жұмыстарынан 138 600,0 мың теңге қысқартылған; 009 015 «Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының 421 «Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру қондырғыларын күрделі жөндеу» ерекшелігі бойынша Сарқырамадан төмен сай, Шымкент, Шапырашты, БМК, Сасық-1, Чумчак, Көк каналдарының күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтауға сәуірдегі, маусымдағы нақтылаулармен қосымша қаржылар жоспарланып, «Сарқырамадан төмен сай», «Шапырашты», «Чумчак», «Көк» каналдары күрделі жөндеу жұмыстарының өндірістік кестеге сәйкес жұмысты бірнеше рет уақытылы орындамағаны үшін бір тараптан келісім шарттары бұзылғандықтан 192 684,0 мың теңге, «Шымкент» каналы вегетациялық кезеңде канал арқылы шаруаларға үздіксіз су берілгендіктен күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіншілік болмағандықтан 467 529,0 мың теңге, жалпы 660 213,0 мың теңге қысқартылған; 014 015 «Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою» бюджеттік бағдарламасының 421 «Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру қондырғыларын күрделі жөндеу» ерекшелігі бойынша төтенше жағдайлардан оқшаулау үшін Бадам өзенінің 6 учаскедегі жағалауды қорғау бөгеттерінің жұмыстарына жоспарланған қаржыдан, Бадам өзенінің техникалық қадағалаудың жеңімпаз мердігері анықталмағандықтан атқарылған жұмыстар көлемін қабылдауынан 1 417 040,0 мың теңге қысқартылған).

14) Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша жалпы орташа жөндеу жұмыстарының, күрделі жөндеу жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және қоғамдық аялдама орнату жұмыстары бойынша жалпы жүйелі жоспарлаудың жүргізілмеу салдарынан 1 435 553,0 мың теңге қысқартылған (006 015 «Қоғамдық көлік жұмыстарының мониторингін және бақылауды қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Диспетчерлік қызмет көрсету орталығы» КММ күтіп ұстау шығындарына қарастырылған 149 ерекшелігінен Шымкент темір жол вокзалының сенімгерлік басқаруға берілуіне

байланысты ғимаратын күтіп ұстау жұмыстарына қаралған қаржыдан 1 070,0 мың теңге қысқартылған; 010 015 «Елді-мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасының 159, 422 ерекшеліктерінен аудандар бойынша орташа жөндеу жұмыстарының азаюына байланысты барлығы 1 094 010,0 мың теңге қысқартылған. Сонымен қатар, Бұхар көшесін күрделі жөндеу жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу жұмыстарының орындалмауынан мен 5 көшенің орташа жөндеу жұмыстарына байланысты барлығы 202 867,0 мың теңге қысқартылған; 016 015 «Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша аудандарда шағал тас төсеу және көшелерді күтіп ұстауға, қоғамдық аялдама (тип-20) орнату жұмыстарынан 137 606,0 мың теңге қысқартылған).

15) Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы тарапынан ауру жануарлар аз тіркелуіне, субсидиялауға өтінімдер түспеуіне, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер тарапынан өтінімдердің саны азаюына байланысты жүйелі жоспарлаудың жүргізілмеуінен 1 862 585,0 мың теңге қысқартылған (018 015 «Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша қала тұрғындары жылқыларын ыстық әдіспен таңбалау жұмыстарына қарсылық танытуына және шағымдануына байланысты, жылқыларды ыстық әдіспен таңбалауға жоспарланған қаржыдан 1 132,0 мың теңге қысқартылған; 050 015 «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшелігі бойынша жыл басында жоспарланып, «Бозарық» индустриялық аймағына инфрақұрылым жүргізу жұмыстарының жоспардан кешігуіне байланысты және «Оңтүстік» индустриялық аймағында жылыжай кешенін салуды, кеңейтуді жоспарлаған ЖК «Саипназаров» жобасы келесі жылға қалдырылуына байланысты 766 738,0 мың теңге қысқартылған. Сондай-ақ, «Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу» бағдарламасы аясында жобалардың мерзімінде орындалмауына байланысты 411 085,0 мың теңге қысқартылған; 002 015 «Тұқым шаруашылығын қолдау» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшелігі бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер тарапынан өтінімдердің саны аз болуынан, тұқым шаруашылығын дамытуда субсидиялауға бөлінген қаржыдан 7 753,0 мың теңге қысқартылған; 016 015 «Эпизотияға қарсы іс-шаралар жүргізу» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша барлығы 67 314,0 мың теңге қысқартылған; 029 015 «Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 153 ерекшелігі бойынша Шымкент қаласы аумағынан ветеринариялық препараттарды сақтайтын уақытша франко қойма ашылуынан 2 856,0 мың теңге қысқартылған; 044 015 «Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшелігі бойынша қала аумағындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мемлекет меншігіне өтіп, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері көлемі азаюына және сатып алынған тыңайтқыштар субсидияланатын тыңайтқыштар тізбесіне

кірмейтіндігіне байланысты барлығы 63 000,0 мың теңге қысқартылған; 006 015 «Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшелігі бойынша егістік алқаптардағы зиянды организмдерге қарсы күрес жөнінде іс-шаралар жүргізуге өтінімдер түспеуіне байланысты 600,0 мың теңге қысқартылған; 008 015 «Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша ауру жануарлар аз тіркелуіне байланысты 417,0 мың теңге қысқартылған; 020 015 «Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшелігі бойынша 425 871,0 мың теңге қысқартылған; 026 015 «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы конкурс бірнеше рет жарияланып жеңімпаз анықталмауына байланысты 36 198,0 мың теңге қысқартылған; 033 015 «Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу» бюджеттік бағдарламасының 322 ерекшелігі бойынша ауру жануарлар аз тіркелуіне байланысты 5 461,0 мың теңге қысқартылған; 077 011 «Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау» бюджеттік бағдарламасының 311 ерекшелігі бойынша нан жабумен айналысатын кәсіпкерлердің бекітілген ұн өндірушілерден бірінші сұрыпты ұнды сатып алу қабілеттілігі төмендегендіктен, наубайханалардан сұраныс болмауына байланысты, ұн өндіруші кәсіпорындар өздеріне бекітілген көлемін өткізу мүмкіндігі болмай, тиісті астық көлемін сатып алу азаюға байланысты 74 160,0 мың теңге қысқартылған;

16) Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы бойынша спорттық іс-шаралардың кеш өткізілуі және кестеге сәйкес келместен өткізілмеуі, өткізілетін чемпионат-спартакиадалар мен турнир кестелерін дұрыс жүйелі жоспарламау салдарынан 32 200,0 мың теңге қысқартылған (002 015 «Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігі жоғары және арнаулы орта оқу орындары арасындағы Спартакиаданың қараша-желтоқсан айларында кеш өтуі, жасөспірімдер арасындағы футбол чемпионаты турнирі кестеге сәйкес келмей футбол чемпионаты өтпеуінен 32 200,0 мың теңге қысқартылған);

17) Шымкент қалалық полиция департаменті тарапынан мемлекеттік сатып алу конкурстарын ұйымдастыру, тауарлар сатып алу мен жоспарлау жұмыстары жүйелі жүргізілмеу салдарынан түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеу мен тиімсіз жоспарлауға жол беріліп, жалпы 2 325 344,0 мың теңге қысқартылған (001 015 «Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік

саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының 149 ерекшелігінен қаружарақ сатып алу бойынша 2023 жылы 5 мамырдағы №114 ҚБП келісім-шарт жасалынып, 2023 жылы 4 желтоқсанда №114/1 ҚБП қосымша келісім шартпен жеткізілген тауарлардың саны өзгеруіне байланысты 157 033,0 мың теңге қысқартылған; 003 015 «Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу» бюджеттік бағдарламасының 169 ерекшеліктен полиция департаменті тарапынан бұйрық шықпауына байланысты Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы «Шымкент қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы» № 368 қаулысына сәйкес 3 002,0 мың теңге қысқартылған; 007 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасының 412, 414 ерекшеліктері бойынша жалпы 2 165 309,0 мың теңге қысқартылған);

18) Шымкент қалалық ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстарының техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес құжаттарды дұрыс рәсімдемеу мен конкурстар дұрыс өткізілмеу, жұмыс ауқымдарын жүйелі жоспарламау салдарынан түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмеген, жалпы 38 109,0 мың теңге қысқартылған (001 015 «Жергілікті деңгейде ішкі және жастар сұрақтары бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру қызметтері» бюджеттік бағдарламасынан жалпы 25 395,0 мың теңге қысқартылған; 005 015 «Мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасының 159 ерекшелігінен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге жоспардан 12 714,0 мың теңге қысқартылған);

19) Шымкент қалалық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы бойынша жалпы жыл соңында пайда болған бос бюджет қаражатының қалдықтарын Бюджет кодексінің 104-бабына сәйкес келмейтін өзге мақсаттағы шығындарды қаржыландыруға 6 067 294,0 мың теңге бағытталған (яғни, 373, 352, 303 бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша жалпы сомасы 6 067 294,0 мың теңге басқа да бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне өзге мақсаттағы шығындарды қаржыландыруға бағытталып, яғни жылдың басындағы бюджет қаражатының қалдықтары бюджетті түзету арқылы Бюджет кодексінің 104-бабына сәйкес келмейтін салаларға бағытталған. Атап айтқанда, құрылыс басқармасының 373 098 015 «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 252 756,0 мың теңгеге жастарға пәтер сатып алуға, ішкі істер органының 352 007 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1 814 538,0 мың теңгеге автоматтандырылған жол кешеніне бейнебақылау камераларын орнатуға, жайлы ортаны дамыту басқармасының 303 014 015 «Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 000 000,0 мың теңгеге төтенше жағдайлардан оқшаулау үшін Бадам өзені жағалауды қорғау бөгеттерінің жұмыстарына бағытталған).

Қорытындылай келе, жалпы бюджетті нақтылау және түзету барысында бюджеттің шығыс бөлігінің бірқатар бюджеттік бағдарламалар бойынша бастапқыда қарастырылған соманың едәуір қысқартылу фактілері орын алып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен шығындардың сапасыз жоспарлануына алып келген.

2. Даму бюджетінің (шығыс) көлемі сапалы негізделмегендіктен және бюджет қаражатының бекітілген көлемі пайдаланылмай, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізбей 4 бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бюджетті 25 300 594,0 мың теңгеге қысқартуға жол берілген. Атап айтқанда:

1) Шымкент қаласының құрылыс басқармасы бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі ретінде дұрыс есептемеуі мен жалпы жүйелі жоспарлау жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізілмеу салдарынан 16 329 162,0 мың теңге қысқартылған (004 015 «Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Шымкент қаласы, Диваев көшесі 4, бойынша полиция департаменті әкімшілік ғимаратын қайта жаңарту» жобалау-сметалық құжаттаманың техникалық шешімдердің өзгеруіне байланысты 150 000,0 мың теңге қысқартылған; 028 015 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Шымкент қаласындағы М.Х.Дулати атындағы №8 мамандандырылған гимназияға қосымша корпусар салу» (сметалық құжаттаманы түзету) жұмыс жобасы» әсер телімін мемлекет мұқтажыдығына қайтару қажеттілігіне байланысты 74 547,0 мың теңге қысқартылған; 046 015 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Сайрам тұрғын массивіндегі Ю.Сайрамы №5 көш. бойындағы №10 колледжіне оқу корпусының құрылысы» (Түзету)» жобасында жұмыс көлемі болмауына байланысты 76 161,0 мың теңге қысқартылған; 038 015 «Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Шымкент қаласындағы Ақжайық мөлтекауданында 200 төсектік перинаталдық орталық салу» жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу 6 ай мерзімге жоспарланып, клиникалық-техникалық негіздемесін алу мерзімі ұзаруына байланысты 164 314,0 мың теңге қысқартылған; 039 015 «Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 53 626,0 мың теңге қысқартылған; 012 005 «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша тұрғын үйдің құрылысында тиісті жұмыстардың жүргізілмеуіне байланысты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінен 17.11.2023ж. №03-24/48736 хатпен келісім алынып, облигациядан қаралған қаржы 15 000 000,0 мың теңге қысқартылған; 017 015 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 639 108,0 мың теңге қысқартылған; 035 015 «Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Шымкент қаласы Ақтас мөлтек ауданында орналасқан қаңғыбас иттер мен мысықтарды уақытша ұстауға арналған баспана құрылысы» жобасының сыртқы инженерлік желілермен толық қамтамасыз етілмеуіне байланысты, жылу,

электр, су және кәріз жүйелерін іске қосу жұмыстарын жүргізу мүмкін болмауына байланысты 36 910,0 мың теңге қысқартылған; 013 015 «Қаланы абаттандыруды дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 57 293,0 мың теңге қысқартылған; 014 015 «Мәдениет объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 77 203,0 мың теңге қысқартылған);

2) Шымкент қаласының жайлы ортаны дамыту басқармасы бойынша барлығы 1 052 120,0 мың теңге қысқартылған (017 015 «Қаланы абаттандыруды дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 1 052 120,0 мың теңге қысқартылған, оның ішінде «Шымкент қаласы, Сәуле шағынауданы саябақ құрылысы» бюджеттік инвестициялық жобасы бойынша нысан қаржысын толық жұмыстар қабылданғаннан кейін төлеу қарастырылғанына байланысты 52 120,0 мың теңге және «Шымкент қаласы, Дендросаябақ суғару жүйелерін қайта құру» бюджеттік инвестициялық жобасы бойынша мемлекеттік сатып алу қорытындысының күші жойылғанына байланысты 1 000 000,0 мың теңге);

3) Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша инвестициялық жобаларға жер телімі мәселесі толық шешілмеуі, жобалау-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізуге байланысты барлығы 2 879 575,0 мың теңге қысқартылған (007 015 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 776 465,0 мың теңге қысқартылған; 007 032 «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы №1036 қаулысымен республикалық бюджеттен 2 103 110,0 мың теңге қысқартылған);

4) Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы бойынша жұмыстарды жүйелі жоспарламау салдарынан 5 039 737,0 мың теңге қысқартылған (029 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 393 174,0 мың теңге қысқартылған; 007 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 607 621,0 мың теңге қысқартылған; 012 «Жылу-энергетикалық жүйені дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 2 181 864,0 мың теңге қысқартылған; 008 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша барлығы 1 673 878,0 мың теңге қысқартылған; 040 «Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктардың инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасының 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша жобалық-сметалық құжаттамаларды мемлекеттік сараптамадан өткізу бойынша «Жұлдыз индустриялық аймақ бойынша теміржол түйігінің құрылысы» ЖСҚ-сы мемлекеттік сараптама қарауында, алу мерзімі 2024 жылдың ақпан-наурыз айларында қарастырылуына байланысты 251,0 мың теңге қысқартылған; 020 «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бюджеттік

бағдарламасының 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 182 949,0 мың теңге).

3. Рәсімдерді орындау тәртібі бойынша 3 бірлік бұзушылықтар анықталды:

1) «Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №129 бұйрығымен бекітілген қағиданың 4-параграф, 216 тармағының «Есепті тоқсандағы Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шаралардың іске асырылу мониторингі бойынша есепті (бұдан әрі – ББӘ есебі) осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, сондай-ақ түсіндірме жазбаны (нақты көрсеткіштердің жоспардағыдан теріс бағытталған ауытқуы жағдайында ауытқуды егжей-тегжейлі негіздей отырып) ұсынады, бір мезгілде соңғы есепті кезеңдегі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық есептіліктерін, заңды тұлғаларды дамытудың стратегиялық құжаттарының көшірмелерін ұсынады»- деген талабы сақталмаған.

2023 жылға «Тұрғын үй Шымкент» ЖШС жарғылық капиталын ұлғайтуға жоспарланған 1 040 141,0 мың теңге бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі тұрғын үй басқармасы тарапынан инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шаралардың іске асырылу мониторингі бойынша есебі экономика басқармасына ұсынылмаған.

2) «Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №129 бұйрығымен бекітілген қағиданың 4-тарау, 2 параграф, 191-тармағының «Қажетті ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (он) күніне дейін қазақ және орыс тілдерінде, қағаз және электрондық жеткізгіштерде тоқсан сайын дайындайды» - деген талабы сақталмаған.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне тиісті бюджеттік бағдарламалары бойынша жоспарланған жалпы 249 бюджеттік инвестициялық жобалар мен 1 заңды тұлғаның жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту бюджеттік инвестициялық жобаларына I, II, III, IV-тоқсан қорытындыларымен мониторингі есептіліктері Қағидаға сәйкес ұсынылмаған, яғни жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың есебінен іске асырылатын жобалардың тиімді жоспарлануына, іске асырылуына жүргізілген талдау нәтижесінде жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан мониторингтік есептер тек мемлекеттік тілде ұсынылған.

3) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің» 4-бабы 8),9)-

тармақшаларының, 65-бабы 3-тармағының талаптары сақталмаған: Басқармамен бюджет түсімдерін болжау әдестемесі қолданбаған. Бюджеттің кіріс бөлігінің салықтық түсімдер болжамын қалыптастыру барысында өсу қарқыны және нақты салықтық база толық есепке алына бермейді, яғни төмендетілген көрсеткіштерді жасау сақталуда.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау:

2023 жылдың қорытындысы бойынша Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика қалыптасты.

Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімінің көлемі 2,7 пайызға, негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі 26,0 пайызға, бөлшек сауда көлемі 19,8 пайызға, ал құрылыс жұмыстарының көлемі 13,2 пайызға, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен шығарылған өнім көлемі 23,2 пайызға, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 16,4 пайызға артты.

2023 жылдың 9 айында Шымкент қаласы бойынша жалпы өңірлік өнім (*бұдан әрі – ЖӨӨ*) көлемі 2 445 675,1 млн.теңгені және 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексі 104,7% құрады. Республикалық көрсеткіш 75 546 820,3 млн.теңгені немесе ЖӨӨ құрылымындағы қаланың үлесі 3,2% пайызды құрап, бұл көрсеткіш бойынша республика өңірлерін орналастыру тәртібінде 13 орында орналасқан. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 2798,4 мың теңгені құрап, қала Республика өңірлері арасында 17 орынды алды.

ЖӨӨ құрамында өнеркәсіп үлесі 17,0%, көтерме және бөлшек сауда, автомобиль және мотоциклды жөндеудің үлесі 21,4%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялардың үлесі 14,6%, құрылыстың үлесі 5,9%, көлік және қоймалаудың үлесі 4,2% құрап отыр.

2023 жылы өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 1 050 968,0 млн.теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7%-ға өскен. Бұл көрсеткіштің өсімі бойынша қала Республика өңірлері арасында 12 орынды алды (*2022ж 967 251,4 млн.теңге*). Республикада өнеркәсіп өнімінің көлемі 46 401 716,1 млн.теңгені құрап, қаланың республикадағы үлесі 2,3% (*ҚР 104,3%*). Өнеркәсіптің өсімі өңдеу өнеркәсібінің 1,7%-ға өсуіне байланысты орын алған (*оның ішінде, сусындар өндірісі 4,7%-ға, жеңіл өнеркәсібі өнімдерін өндіру 14,5%-ға, химия өнеркәсібіндегі өнім көлемі 7,2%-ға, машина жасау 46,1%-ға, металлургия өндірісі 2,1 есеге артты*).

Қала экономикасына 724,3 млрд.теңге инвестиция тартылып, 2021 жылмен салыстырғанда 26,0 пайызға артты. Негізгі капиталға бағытталған инвестициялардың республикалық көлемінде Шымкент қаласының үлесі 4,0%-ды құрап (*республикалық көрсеткіш – 18 043,7 млрд. теңге*), көрсеткіштің өсімі бойынша қала 4 орынды алды (*ҚР - 113,7%*).

Құрылыс жұмыстарының көлемі 260 308,9 млн.теңгені немесе 2022 жылдың сәйкес кезеңіне 113,2% құрады. Республикада бұл көрсеткіш 7

494 611,7 млн.теңгені құрады. Республика бойынша қаланың құрылыс жұмыстарының үлесі 3,5% құрады. Құрылыс жұмыстарының артуы инженерлік инфрақұрылым, жолдарды қайта құру, тұрғын үйлердің құрылыстары есебінен орын алды.

Құрылыс–монтаж жұмыстарының көлемі 13,2%-ға, күрделі жөндеу бойынша жұмыстар 84,8%-ға артты, ағымдағы жөндеу жұмыстар 12,9%-ға азайды.

Тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестиция 43,1% артып, 283,4 млрд.теңгені құрады. Жылдың қорытындысымен 1 084,1 мың ш.м. тұрғын үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңіне 101,0% құрады. Оның ішінде, бюджет есебінен – 124,8 мың ш.м.; жеке салушылар – 553 мың ш.м.; жеке тұрғын үй (халықпен) есебінен – 406,3 мың ш.м.

Бюджет есебінен 100 көпқабатты тұрғын үйдің (330,4 мың ш.м) құрылысы жүргізіліп, 34 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға тапсырылған (124,8 мың ш.м), оның ішінде, 30 үй– кредиттік үй (105,8 мың ш.м), 4 үй – арендалық (19,0 мың ш.м.).

Шымкент қаласының статистика департаментінің мәліметіне сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (бұдан әрі –ШОК) кәсіпкерлік саласында жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 128 526 бірлікке жетіп, 2022 жылға өсім 16,4% құраған (2022 ж. 110 409), онда жұмыспен қамтылғандар саны 2023 жылдың 1 қазанына 227,5 мың адам немесе 14,8%-ға артты.

Республика бойынша шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілердің саны 2 002 199 бірлікті құрап, оның ішінде, 6,4%-ы Шымкент қаласына тиесілі (Республикада 5 орын).

ШОК субъектілерімен 2023 жылдың 1 қазанына 1 859 922,0 млн. теңгеге өнім өндіріліп, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,2%-ға артты.

2023 жылы ауыл шаруашылығы өнімі 52 400,2 млн. теңгеге өндіріліп, 2022 жылдың сәйкес кезеңіне 100,3% құраған. Республикалық көрсеткіш 8 732 063,5 млн.теңге болып қалыптасып, қаланың республикадағы үлесі 0,6% құрайды.

Өсім мал шаруашылығы өнімі көлемінің, оның ішінде, еттің 15,8%-ға (10,3 мың тонна), сүттің 15,8%-ға (59,5 мың тонна) және тауық жұмыртқасының 21,3%-ға (171,5 млн.дана) артуы есебінен қамтамасыз етілген.

2023 жылдың желтоқсанында тұтыну бағасының индексі 2022 жылдың желтоқсанына 109,5% деңгейінде қалыптасып, азық-түлік тауарларына бағалар 7,2%-ға, азық-түлік емес тауарлары 9,4%-ға, халыққа ақылы қызмет көрсету 12,9%-ға қымбаттаған.

Бөлшек сауда көлемі 835,9 млрд.тг. немесе өткен жылға 119,8% құрады. Бөлшек сауда айналымының жалпы көлемінде азық-түлік тауарларының үлесі 27,6%, азық-түлік емес тауарлар 72,4% құрады.

2023 жылдың IV тоқсанында қалада экономикалық белсенді халық саны 450,5 мың адамды, оның ішінде жұмыспен қамтылғаны 428,5 мың адамды, жұмыссыздар саны 21,9 мың адамды құраған.

2023 жылдың IV тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 4,9% деңгейінде қалыптасып, орташа республикалық деңгейден 0,2 п.п жоғары болып отыр. Оның ішінде, жастар жұмыссыздығы (15-34 жас) 3,3%. Жалпы жұмыс күшінің 29,7% өз-өзін жұмыспен қамтығандар (133,6 мың адам). Жалдамалы қызметкерлер саны 2023 жылдың IV тоқсанында 294,7 мың адамды құраса, 2022 жылы 295,1 мың адамды құрап, 0,4 мың адамға азайған.

Орташа айлық жалақы 275 132 теңгені құрап, 17,1 пайызға артты. Республикалық көрсеткіш 360 765 теңгені құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша қала республика өңірлерін орналастыру тәртібінде 17 орынды иемденді.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары 107 998 теңгені құрап, 18,2 пайызға артты (2023 ж. 3 тоқсаны). Республикалық көрсеткіш 180 108 теңгені құраған.

Алайда, еңбек нарығында оңтайлы динамика қалыптасқанымен, 2023 жылы халықтың өмір сүру динамикасы төмендеген, бұған дәлел тұтыну бағаларының индексінің немесе инфляцияның өсуінен азық-түлік тауарлардың, басқада тауарлардың және көрсетілген қызметтер бағасының қымбаттауы.

«Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары» бағдарламасының іс-шара жоспарын қаржыландыру көлемі 550 255,6 млн.теңгені құрайды, оның ішінде:

- республикалық бюджеттен – 126 835,4 млн.тг;
- жергілікті бюджеттен – 357 342,9 млн.тг;
- басқа көздерден – 66 073,3 млн.тг.

2023 жылдың қорытындысымен даму бағдарламасына жұмсалған қаржы 543 934,1 млн. теңгені құраған, немесе 6321,5 млн.теңге игерілмеген.

Қаланың Даму жоспарында жалпы 105 индикатор жоспарланған, оның ішінде стратегиялық карта көрсеткіштері –20, ұлттық жоба – 84, жергілікті атқарушы органның бастамасымен 1 индикатор қамтылған.

2023 жылы іске асыруға 17 мақсат бойынша 105 нысаналы индикаторға және 555 іс-шараларға қол жеткізу қарастырылған.

Жыл қорытындысыме 68 нысаналы индикаторларға нақты қол жеткізілген (64,7%),25 индикатордың есеп беретін мерзімі келмеген (23,8%) және 12 индикаторға қол жеткізілмеген (11,4%).

Даму жоспарының іске асыру бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарындағы 555 іс-шараның 526 орындалған (94,7%), 27 іс-шара орындалмаған (4,9%) және 2 іс-шара келесі жылға өтпелі (0,4%).

III. Қорытынды бөлік.

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Мемлекеттік аудит барысында шаралар қабылданған жоқ.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Бюджет қаражатын жоспарлау кезінде, Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан тиісті мониторинг пен бақылаудың төмендігін көрсетеді.

Осы факторлар 59 791 172,0 мың тенгеге бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануына және саны 3 бірлікті құрайтын рәсімдік бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген.

Мемлекеттік аудиттің мақсаты Республикалық маңызы бар қала бюджетін 2023 жылға жоспарлау кезінде бюджет заңнамасының сақталуы және 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының 2023 жылы тиімді іске асырылуына жүргізу болғандықтан, Аудит бағдарламасында аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі көрсетілмеді.

Мемлекеттік аудиттің нәтижелері Басқарманың алдына қойылған міндеттер мен функцияларды әзірлеу, үйлестіру және іске асыру процесінде жауаптылықтың жеткіліксіз дәрежеде екендігін көрсетеді.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы

Арнайы көрсеткіштер:

Өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуы және жергілікті бюджеттің жоспарлануы

Жалпы 19 бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан ағымдағы шығындарды жоспарлау және оларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу барысында бастапқы бекітілген бюджетте керекті қаржының көлемін дұрыс ескермеусалдарынан бюджетті қысқартуға жол беріліп, 34 490 578,0 мың теңге қаржылар тиімсіз жоспарланған. Қорытындылай келе, бюджетті нақтылауда немесе түзетуде бюджеттің шығыс бөлігінің жалпы ұлғаюымен қатар жеке бюджеттік бағдарламалар бойынша бастапқыда қарастырылған соманың едәуір төмендеу немесе алып тастау фактілері орын алып, ол бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен шығындардың сапасыз жоспарлануына алып келген. Бұл ретте, экономика және жоспарлау басқармасы тарапынан бюджет процессін жоспарлауда жекелеген бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен бюджеттік өтінімдер тиісті деңгейде қабылданбағаны байқалады.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

Арнайы көрсеткіш: Бағдарламалық құжаттардың және бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігі.

«Шымкент қаласының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары» қалалық мәслихаттың 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №73/681-6с шешімімен бекітіліп, 2023 жылғы 12 желтоқсандағы №11/92-VIII шешімімен өзгеріс енгізілді. Жоспарда 17 мақсат бойынша 2023 жылы іске асыруға 105 нысаналы индикатор жоспарланып, жылдың қорытындысы бойынша 68 нысаналы индикаторға нақты қол жеткізілген, 25 индикатордың есеп беретін мерзімі келмеген, 12 индикаторға қол жеткізілген жоқ. 2023 жылға жоспарды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарында 555 іс-шараға барлық көздерден жалпы сомасы 550,3 млрд. теңге қарастырылған, оның – 526 іс-шарасы толық орындалды, 2 іс шара өтпелі, 27 іс-шара орындалмаған.

Даму бюджетінің (шығыс) көлемі сапалы негізделмегендіктен және бюджет қаражатының бекітілген көлемі пайдаланылмай, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізбей 4 бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бюджетті 25 300 594,0 мың теңгеге қасқартуға жол берген.

Жалпы аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін қорытындылай және жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын жоспарлау өз деңгейінде атқарылмаған.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.

1. «Шымкент қаласы бюджетін 2023 жылға жоспарлау барысында бюджет заңнамасының сақталуына және 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасының іске асырылуына аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижесі бойынша аудиторлық қорытындыны тексеру комиссиясының отырысында қарауды және бекітуді ұсынамын.

2. Шымкент қаласының экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы басшысына:

1) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша басқарманың осы салаға жауапты қызметкерлерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде жиналыс отырысында тиісті тапсырмалар берілсін, бюджет қаражатының жоспарлау және пайдалану кезінде тиімділік және нәтижелілік қағидаттарын сақтау мақсатында, әрі бюджеттік өтінімдердің сапалы әзірленуін қамтамасыз ету үшін бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бюджеттік заңнама талаптарын түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2) Аудит барысында орын алған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларының тәртіптік жауапкершіліктері қаралсын;

3) Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша қабылданған шаралар туралы мәлімет 2024 жылдың 01 қыркүйегіне дейін Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

3.4. Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі 10 парақта тіркелді.

Тексеру комиссиясының мүшесі



Н.Абдезов

Мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудитор



Г.Елшибаев

Әкімшілік-заң және персоналды
басқару бөлімінің
бас инспектор- заң кеңесшісі



Е. Аскаров

Жоспарлау, талдау, есептілік және
сапаны бақылау бөлімінің
басшысы



Д.Кенже

Аудит тобының жетекшісі:
Мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторы-мемлекеттік
аудитор



А.Утебаев

Мемлекеттік аудит бөлімінің
бас инспекторлары-мемлекеттік аудиторлар



Г. Бармакова



Н. Джакипов